



## САУДА ЭКВАЙРИНГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША САУДА ЖӘНЕ СЕРВИС КӘСІПОРЫНДАРЫНА (КОММЕРСАНТҚА) ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы Сауда эквайрингі қызметтері бойынша сауда және сервис кәсіпорындарына (Коммерсантқа) қызмет көрсету шартының жалпы талаптары «ForteBank» АҚ (бұдан әрі - Банк) ресми интернет-сайтында [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша жарияланған, Коммерсанттың қосылуы туралы өтініштің/Коммерсант ұсынған тарифтік жоспар бойынша қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі – Коммерсанттың қосылуы туралы өтініш) ажырамас бөлігі болып табылады, оның негізгі талаптарын қамтиды, бірлескен бірыңғай қосылу шартын (бұдан әрі-Шарт) білдіреді. Банк сауда эквайрингі қызметтерін көрсетуге бағытталған Коммерсанттың қосылуы туралы Коммерсант ұсынған өтінішті белгіленген тәртіпте қабылдаған күннен бастап Шарт жасалған болып есептеледі.

Коммерсант Шартқа қосыла отырып, оны оқығанын, түсінгенін және Шарттың талаптарымен келіскенін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

### 1. ОСЫ ШАРТТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шарт мәтінінде пайдаланылатын терминдер мен белгілердің Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген, сондай-ақ осы бөлімде келтірілген мағыналары бар:

- 1.1. **Авторизация** – Банктің Эмитент-банктен төлем карточкасын не оның деректемелерін пайдалана отырып операция жүргізуге рұқсат сұрауының және одан кейін алуының рәсімі;
- 1.2. **Банк** – «ForteBank» акционерлік қоғамы;
- 1.3. **Эквайер-банк** – «ForteBank» АҚ, ол төлем карточкасын және/немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, төлемді және/немесе аударымды жүзеге асыру кезінде Коммерсант әзірлеген Шарт талаптарына және/немесе төлем құжатының талаптарына сәйкес Коммерсанттың пайдасына түскен ақшаны қабылдайды және/немесе Шартта көзделген өзге де әрекеттерді орындайды;
- 1.4. **Эмитент-банк** – Екінші деңгейдегі банк немесе карточкаларды шығаруды жүзеге асыратын Ұлттық пошта операторы;
- 1.5. **Қайтарымды карточкалық операция** – Карточканы ұстаушыға бұрын жасалған төлем/ақша аударымы бойынша Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып, Карточканы ұстаушы сатып алған Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін және/немесе Карточканы ұстаушы төленген (алдын ала төленген) тауарлардан/жұмыстардан/қызметтерден бас тартқан жағдайда операция сомасын қайтару бойынша операция;
- 1.6. **Өтем** - Коммерсанттың сатылған тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін ақша, сондай-ақ олардың ақысын төлеу Шарт талаптарында көзделген және Шартта белгіленген тәртіпте Коммерсанттың пайдасына аударуға арналған өзге де төлемдер;
- 1.7. **Карточканы ұстаушы** – Карточканы беру туралы шартқа сәйкес Карточканы пайдаланатын немесе иеленетін жеке тұлға;
- 1.8. **Динамикалық QR-код** – төлем жүргізу үшін Карточканы ұстаушының мобильді қосымшасы арқылы оқылатын, Коммерсанттың сұрауы бойынша Банк генерациялаған, Коммерсант пен Коммерсанттың тауарының/жұмысының/қызметінің құны бойынша шифрланған ақпараты бар екі өлшемді штрихкод;
- 1.9. **Карточкалық операция (Транзакция)** – Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып, Карточканы ұстаушы жүзеге асыратын, Коммерсанттың тауарларын/жұмыстарын/көрсетілетін қызметтерін сатып алу кезінде төлемдерді және/немесе ақша аударымдарын жүргізуге байланысты операция;
- 1.10. **Авторизациялау коды** – Транзакцияны растау (рұқсат) коды;
- 1.11. **Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ)** – Карточкаларын Карточкалық операцияларды жүзеге асыру үшін Коммерсант қабылдайтын халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және транзакциялармен алмасу жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі жұмыс істеу қағидаларын белгілейді және валюталарды тиісті айырбастай отырып, Халықаралық төлем жүйесінің мүшелері арасындағы Карточкалық операциялар бойынша клирингілік есеп айырысуларды жүзеге асырады;
- 1.12. **Тізбелер** – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасайтын террористік қызметке қатысы бар тұлғалар тізімі, сондай-ақ жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі және/немесе терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі;

- 1.13. **ДСН-код** – Карточканы ұстаушыға ол Карточкалық операцияларды жүргізген кезде сәйкестендіру үшін қызмет ететін, Карточканы ұстаушыға ғана белгілі жеке сәйкестендіру нөмірі (құпия код);
- 1.14. **Төлем карточкасы (Карточка)** – оны ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа да байланыс арналары арқылы ақша төлемдерін және/немесе аударымдарын жүзеге асыруға не қолма-қол ақша алуға не валюта айырбастауды және төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның талаптарында айқындалған басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;
- 1.15. **Жұмыс күні** – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері банк операцияларын жүргізу үшін ашық күн;
- 1.16. **Шығын материалдары** – чек таспасы, жапсырмалар;
- 1.17. **Карточканың деректемелері** – Карточкада қамтылған және/немесе Эмитент-банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын, мыналарды қамтитын ақпарат: төлем карточкасының оны ұстаушыға және/немесе эмитентке және төлем карточкалары жүйесіне тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін төлем карточкалары жүйесінің нөмірі, қолданылу мерзімі, атауы;
- 1.18. **Салыстыру** – белгілі бір уақыт аралығында POS-терминал бойынша жүргізілген Транзакциялардың жиынтық есебі;
- 1.19. **Электрондық коммерция сервисі (бұдан әрі – ЭКС)** – карточкалық операцияны жүргізу кезінде пайдаланылатын ақпаратты бағдарлау, жинау, өңдеу, беру жүзеге асырылатын Банктің бағдарламалық-аппараттық кешені, сондай-ақ төлем карточкалары жүйесіне қатысушылармен жасалған талаптарда көзделген өзге де функциялар;
- 1.20. **PCI DSS стандарты** (Payment Card Industry Data Security Standard) – бұл ХТЖ әзірлеген және олардың қатысушылары Карточкалық операциялар жүргізу шеңберінде ақпарат алмасу кезінде қолданатын ақпаратты қорғау стандарты. PCI DSS стандарты бірқатар ақпараттық қауіпсіздік бағдарламаларының талаптарын біріктіреді, атап айтқанда: • Visa: Account Information Security (AIS); • MasterCard: Site Data Protection (SDP). PCI DSS талаптарына сәйкестігін тексеру әдістері: • тексерілетін ұйым объектісінде PCI QSA компаниясы жүргізетін сыртқы QSA аудиті (ағылш.); • өзін-өзі бағалау парағын толтыру (SAQ); • желі периметрінің осалдығын автоматтандырылған түрде ASV сканерлеу. Сәйкестікті тексеру әдісі немесе әдістердің жиынтығы, қатысушының сертификаттау деңгейіне байланысты таңдалады;
- 1.21. **Тұрақты QR-код** – Коммерсант бойынша шифрланған ақпараты бар, Банк алдын ала генерациялаған екі өлшемді штрихкод, төлем жүргізу үшін мобильді қосымшаны оқу кезінде Карточканы ұстаушы тарапынан төлем сомасын қосымша енгізуді талап етеді;
- 1.22. **Токтатым-парақ** – қолдануға тыйым салынған және ол бойынша қызмет көрсету үшін ұсынылған кезде алынатын Карточкалар нөмірлерінің тізімі. Токтатым-парақ эмитент банктердің жазбаша арыздары негізінде төлем жүйесінде жасалады. Әлем өңірлері бойынша бөлек тоқтатым-парақтарын шығару қарастырылған. Өңірлерге аумақтық бөлуді төлем жүйелері жүргізеді. Карточка нөмірін төлем жүйесі эмитент банктің жазбаша арызында көрсетілген өңірлердің тоқтатым-парағына енгізеді;
- 1.23. **Тәуліктік лимит** – бір тәулік ішінде Коммерсанттың әрбір жеке POS-терминалы, FortePOS, Forte QR, Төлем терминалы үшін Шартқа сәйкес белгіленетін Транзакция сомасы бойынша лимит (ең жоғары сома бойынша шектеу);
- 1.24. **Карточканы ұстаушының шоты** – Карточканы ұстаушыға Эмитент-банк ашатын, ол бойынша операциялар Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілетін банктік (ағымдағы) шот;
- 1.25. **Коммерсант шоты** – сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау үшін пайдаланылатын Коммерсанттың ағымдағы шоты;
- 1.26. **Төлем терминалы** – Коммерсантқа/Компанияға тиесілі электрондық құрылғы, оның ішінде вендингілік құрылғы, ол арқылы төлем карточкаларын және Коммерсанттың/Компанияның және Банктің бағдарламалық жасақтамасына қосылуды пайдалана отырып, Коммерсант сатушысының қатысуынсыз тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу жүзеге асырылады;
- 1.27. **Фрод (Fraud)** – Банк, Карточканы ұстаушы мүддесіне немесе ХТЖ-ң басқа қатысушыларына залал келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп жіктеген, Комерсантта, оның филиалдарын (карточкалар бойынша қызмет көрсету пункттері) қоса алғанда, жүзеге асырылған, сонымен қатар төлем карталарының эмитенті екінші деңгейдегі банк болған барлық жағдайларда, Карточка немесе оның деректемелері арқылы жасалған заңсыз, алаяқтық немесе басқа (әдейі қате, күмәнді және с.с.) әрекеттер;
- 1.28. **Apple Pay/Samsung Pay** – Apple корпорациясы/Samsung Electronics компаниясы әзірлеген төлем сервисі, мобильді құрылғыны пайдалана отырып, жанасусыз төлем технологиясы арқылы карточкалық операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- 1.29. **Chargeback** – Коммерсант тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда немесе Эмитент-банкке Карточканы ұстаушының шотынан төлем жүргізілген, осы шоттан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы өтініші түскен жағдайда Эмитент-банктің даулы Транзакция сомасын Карточканы ұстаушыға қайтару қажеттігі туралы талабы;
- 1.30. **FortePOS** – Коммерсантқа, сондай-ақ Коммерсант қызметкерлеріне TapToPhone (VISA), сондай-ақ TapOnPhone (MasterCard) сертификатталған технологияларына негізделген жанасусыз төлем технологиясы арқылы Карточкаларды пайдалана отырып, сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлем қабылдауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мобильді құрылғыға арналған бағдарламалық жасақтама;
- 1.31. **Forte QR** – Коммерсантқа, сондай-ақ Коммерсант қызметкерлеріне QR-кодты пайдалана отырып, сатылған

тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау/қайтару мүмкіндігін беретін мобильді құрылғыға арналған бағдарламалық жасақтама;

- 1.32. **POS-терминал** – электрондық-механикалық құрылғы, ол арқылы Карточкаларды пайдалана отырып және Банктің ақпараттық жүйесіне қосылу арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін, оның ішінде POS-терминал орнатылған банкке төлем, сондай-ақ қолма-қол ақшаны алу жүзеге асырылады;
- 1.33. **QR-код** (ағылш. **Quick Response Code** – жылдам әрекет ету коды) - Карточкалық операцияны жүргізу кезінде Карточканы ұстаушының мобильді қосымшасы арқылы оқылатын, Коммерсант және/немесе Коммерсанттың тауарының/жұмысының/қызметінің құны бойынша шифрланған ақпараты бар Банк генерациялаған екі өлшемді штрихкод. QR-код Банктің меншігі болып табылады және Шарттың қолданылу кезеңінде қолданылады;
- 1.34. **Retrieval request (іздеу үшін сұрау салу)** – Эмитент-банктің Транзакциялар бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін сұрауы.

## 2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Шарт Карточканы ұстаушылардың Коммерсанттың тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын ХТЖ, Visa, MasterCard, UnionPay карточкаларын немесе олардың деректемелерін пайдалана отырып, Коммерсантта орнатылған POS-терминалдар, FortePOS, Forte QR мобильді қосымшалары, Төлем терминалдары арқылы төлеуімен байланысты төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізу шеңберінде Банктің сауда эквайрингі қызметтерін көрсетуі кезінде Банк пен Коммерсант арасындағы қарым-қатынасты, сонымен қатар Банктің Шарт талаптарына сәйкес осындай Карточкалық операциялар бойынша Коммерсанттан қабылданған төлем ақпаратын өңдеуін реттейді.

2.2. Осы арқылы Коммерсант мыналарды растайды және кепілдік береді:

- Банкпен Шарт бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ХТЖ талаптарына және Коммерсанттың құрылтай құжаттарының ережелеріне қайшы келмейтінін (*егер Коммерсант ретінде заңды тұлға қатысса*);

- Коммерсанттың қызметі заңды екенін, ХТЖ талаптарына сай екенін және Коммерсант мұндай қызметтің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ХТЖ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететінін және Банкке Коммерсанттың қызметін жүзеге асыру кезінде осы кепілдікті бұзумен байланысты (немесе) талаптарда көрсетілген заңдылықтың бұзылуынан тікелей келтірілген залалдарды өтейтінін;

- барлық рұқсат құжаттары (егер мұндай құжаттар міндеттемелерді орындау үшін қажет болса), сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін, соның ішінде PCI DSS стандартын сақтау мақсатында қажетті дағдылар, білімі мен біліктілігі бар екенін;

- тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатуды Коммерсант Қазақстан Республикасының заңнамасына, үшінші тұлғалармен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асыратынын және зияткерлік меншік құқығы мен осындай үшінші тұлғалардың басқа құқықтарын бұзбайтынын;

- Коммерсантқа, оның өкіліне, бенефициарлы меншік иесіне немесе басқару, меншік құрылымындағы өзге қатысушыларға, сондай-ақ онымен бірге бір тұлғалар тобына кіретін тұлғаларға, контрагенттерге қандай да бір шектеулер немесе санкциялау сипатындағы шаралар қолданылмағанын, сондай-ақ олар әрекеті жоғарыда көрсетілген тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын, кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялау тізімдеріне (әрі қарай – Санкциялар) енгізілмегенін.

2.3. Банк Коммерсантқа Шарт шеңберінде төлем қызметтерін көрсеткен кезде оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық елеулі талаптары төлем қызметтерін көрсетудің тиісті шарттарында болады. Банктің Шарт шеңберінде төлем қызметтерін көрсетуінің ең ұзақ мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерге сәйкес келеді.

## 3. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ АҚШАНЫ КОММЕРСАНТТЫҢ ШОТЫНА АУДАРУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕРДІ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ

3.1. POS-терминалдары, FortePOS, Forte QR, Төлем терминалдары арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Коммерсант түрлері Шарттың 2.1. тармағында көрсетілген Карточкаларды қабылдайды, ал Банк белгіленген комиссиялық сыйақыны ала отырып, Карточкалар арқылы сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер төлемі түрінде ақша, төлем және (немесе) ақша аударымдарын Коммерсанттың шотына қабылдайды. Коммерсанттың пайдасына Транзакциялар жүргізілген кезде Банк Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша ресми сайтында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес және Коммерсанттың қосылуы туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Шартта қарастырылған талаптарда комиссия ұстап қалады.

3.2. Банк Коммерсанттың шотына сатып алынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін жүргізілген Транзакциялар бойынша ақша аударуды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырады. *Банктің Коммерсанттың шотына сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін жүргізілген Транзакциялар бойынша шетел валютасында ақша аударуды Банктің келісімі негізінде жүзеге асырылады (Курсивпен көрсетілгені транзакцияларды шетел валютасында жүргізген, егер мұндай есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделсе, қолданылады).*

3.3. Банк қолданыстағы ішкі талаптарға сәйкес Транзакциялар сомасы бойынша тәуліктік лимитті белгілейді. Егер Транзакциялардың жалпы сомасы кез келген жеке алынған күнтізбелік күнде тәуліктік лимиттен асып кетсе, Банк мұндай Транзакциялар бойынша авторизация жүргізуден бас тартады және көрсетілген Транзакциялар жүргізілмейді. Тәуліктік лимит Коммерсантты міндетті түрде алдын ала хабардар ете отырып, Банктің қалауы бойынша біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін. Банк Коммерсант үшін белгілеген операцияны жүргізуге арналған лимиттер туралы

ақпарат Сауда эквайрингі қызметтеріне қосылуға арналған Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген Коммерсанттың электрондық пошта адресіне жіберіледі.

3.4. Банк Шарт бойынша ұсынатын қызметтер бойынша комиссияларды Банк Тарифтеріне сәйкес, Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда ұстап қалады.

3.5. Авторизацияның нәтижесі оң болғанда, Коммерсантқа Авторизацияның оң нәтижесі жазылған хабарлама жолданады, бұл ретте Коммерсант Карточканы ұстаушыға сауда чегін береді немесе сауда чегін Карточканы ұстаушы көрсеткен электронды пошта және/немесе ұялы байланыс құрылғысына жібереді.

Сауда чегі Карточканы ұстаушының POS-терминал, FortePOS, Forte QR көмегімен Транзакция жүргізгенін растайды және келесі ақпаратты қамтиды:

- 1) ХТЖ атауы;
- 2) операция түрі (сатып алу);
- 3) үзінді көшірменің нөмірі, күні, айы және жылы;
- 4) Коммерсанттың атауы және коды (бар болса);
- 5) Коммерсанттың мекенжайы;
- 6) Карточка нөмірінің бастапқы алты және соңғы төрт саны;
- 7) Транзакция сомасы;
- 8) Транзакция валютасы;
- 9) Авторизациялау коды/RRN (Retrieval Reference Number);
- 10) төлем жүргізілген күн және уақыт;
- 11) Карточканы ұстаушының қолы;
- 12) оператордың қолы (қағаз жеткізгіште жасалған жою чегінде ғана);
- 13) Банкке қажетті немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және ХТЖ қағидаларына сәйкес көрсетілуі тиіс өзге ақпарат.

3.6. Авторизация нәтижесі оң болған кезде Эмитент, Карточканы ұстаушымен бекітілген шартта осындай құқық бар болса, Авторизация сомасына Карточканы ұстаушының шотындағы ақшаны бұғаттау бойынша Транзакция жүргізеді.

3.7. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточканы ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алып қою белгіленген мерзімде автоматты түрде жүргізіледі.

3.8. Өтеу сомасы Карточкалық операция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсанттың сауалнамасында Коммерсант көрсеткен шотқа аударылады.

3.9. Банк шотынан ақшаны Коммерсанттың пайдасына есептен шығарған күн Өтем сомасын төлеу күні болып есептеледі.

3.10. Туындаған даулы жағдай шешілгенге дейін Банк фродтық операциялар бойынша есеп айырысуды жүргізбеуге құқылы. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТЖ қағидаларына сәйкес Карточкалық операцияның күдіктілігі немесе даулылығы параметрлерін өздігінен айқындайды.

3.11. Шартқа қол қою арқылы Коммерсант Шартқа сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын шегере отырып, сатып алынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін Карточканы ұстаушылардың төлемдер сомасын Коммерсанттың шотына аудару арқылы Шартта көзделген өзара есеп айырысуларды жүргізу тәртібіне өз келісімін білдіреді.

3.12. Банк келесі қосымша сервистерді (опцияларды) қосуға мүмкіндік береді:

1) операция аяқталғанға дейін Карточкалық операция бойынша соманы бұғаттау жүзеге асырылатын алдын ала авторизация. Операция Банк Коммерсанттан авторизацияны аяқтау туралы сұрау салуды алғаннан кейін аяқталады. Операция сомасы бұғатталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде не ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде аяқталуы тиіс. Алдын ала авторизация операциясы Карточканы пайдаланумен және/немесе Карточка деректемелерін қолмен енгізу (key entry) арқылы жүзеге асырылады;

2) карточка деректемелерін қолмен енгізу арқылы сауда ақысын төлеу (key entry).

3.13. Қосымша сервистерге (опцияларға) қосу/ажырату/қосудан бас тарту туралы шешімді Банк қосымша сервистер (опциялар) бойынша, сондай-ақ Банктің уәкілетті органы бекіткен өзге де негіздер бойынша Коммерсанттың жазбаша өтініші (өтінімі) негізінде қабылдайды.

Банк қосымша сервистерді (опцияларды) қосу үшін Коммерсанттан өз қалауы бойынша қосымша құжаттарды немесе ақпаратты сұратуға құқылы.

#### **4. CHARGEBACK, КАРТОЧКАНЫ ҰСТАУШЫҒА АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ**

4.1. Банк Chargeback немесе Retrieval request алған (немесе егер Банк Эмитент-банк болып табылса, бастамашылық еткен) жағдайда, Банк Коммерсанттың тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағандығын растайтын құжаттарды Банкке ұсыну туралы қағаз жеткізгіштегі немесе электронды нұсқадағы жазбаша талабымен Коммерсантқа жүгінеді (операциялар дауланатын және көрсетілген құжаттар ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес ұсынылатын кезде). Эмитент банкке Карточканы ұстаушыдан Коммерсанттың Шарт бойынша төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы немесе Карточканы ұстаушының шотынан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы жазбаша өтініш келіп түскен жағдайда, Эмитент банк Chargeback-ке бастамашылық етеді.

4.2. Коммерсант Шарттың 4.1.-т. сәйкес талап етілген құжаттарды Банкке Банк бұндай талапты жолдаған күннен соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуы тиіс.

Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесі мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді және оны Коммерсанттың қызмет түріне және Эмитент банк/Картчоканы ұстаушы сұрау салуының мәніне қарай Банк толықтыруы мүмкін:

- 1) сатылған тауардың/жұмыстың/қызметтің толық сипаттамасы;
- 2) тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар: Шарттың 3.5 тармағына сәйкес жасалған сауда чегі, бақылау (тауар) чегі, тауар жүкқұжаты, инвойс, тауарларды жеткізу/орындалған жұмыстар/көрсетілген қызметтер актісі және т.б.;
- 3) Қонақ үй саласында қызмет көрсететін коммерсанттар мыналарды қосымша ұсынады: қонақ портфолиосы, қонақтың тіркеу карточкасы, брондау және бас тарту саясаты;
- 4) Әуе/темір жол көлігімен тасымалдау саласында қызмет көрсететін коммерсанттар қосымша билеттің немесе отырғызу талонының көшірмесін, билеттерді (отырғызу талондарын) брондау, сатып алу және қайтару саясатын ұсынады.

4.3. Егер (а) Коммерсантта Шарттың 4.1-тармағына, 4.2-тармағына сәйкес Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар болмаса, (б) олар Шарттың 4.2-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынылмаса, (в) Коммерсант Картчоканы ұстаушының алдындағы міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы фактімен келіссе, (г) егер Транзакция ХТЖ-да жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод, басқа да заңсыз, оның ішінде даусыз тәптіште ХТЖ белгілеген қағидаларға сәйкес оны даулау мүмкіндігі жоқ деп танылса, нәтижесінде Банкке ХТЖ тарапынан тиісті санкциялар тағайындалса, Банктен тиісті Транзакция сомасы ұсталса (қайтарылса) (немесе осындай тағайындалғанға дейін, ұстап қалу және Банктің күтілетін санкция тағайындауды өтеуін қамтамасыз ету мақсатында соманы ұстап қалу), (д) Картчоканы ұстаушыға бұрын жасалған төлем/ақша аударымы бойынша операция сомасын қайтарылғанда, Банк көрсетілген ақша сомасын Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан тыйым салынбаған кез келген тәсілмен алуға немесе Банктің сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін Коммерсантқа аударатын ақшасынан ұстап қалуға құқылы.

4.4. Банкке ХТЖ санкция салғанға және оны Банктен ұстап қалғанға (қайтарғанға) дейін Банк есептен шығарған Транзакция сомасы ХТЖ талаптарында Транзакциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін көзделген мерзімдерде Банктің шоттарында есепке алынады. Егер Транзакциялар бойынша санкциялар белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткенге дейін мұндай санкциялар қолданылса, сома Банктен ұсталатын болса, Банк Транзакция сомасын ХТЖ-ға Шартқа сәйкес алынған/ұсталған қаражаттың есебінен өтейді және өзінің басқа құқықтарын Шартта белгіленген тәртіпте жүзеге асырады. Егер Транзакциялар бойынша санкцияларды белгілеу үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін Банкке мұндай санкциялар қолданылмаса, сома Банктен ұсталмайтын болса немесе ХТЖ сомасын Шартқа сәйкес Банк алған/ұстап қалған Транзакцияның санкцияланғандығын мойындаса, Банк алынған/ұстап қалған ақшаны қайтаруға міндеттенеді.

4.5. Коммерсант Коммерсанттың шотында Шарттың 4.3-т.сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етеді немесе Банктен мұндай талапты алғаннан кейін дереу оларды Банк шотына аударады.

4.6. Банктің Коммерсанттың шотына Транзакциялар бойынша ақшаны аударуы бұндай Транзакциялардың нақты және даусыз санкцияланғандығын мойындау болып табылмайды. Бұндай Транзакциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп танылуы мүмкін, оның ішінде белгіленген ХТЖ қағидаларына сәйкес осындай Транзакцияларды даулау мүмкіндігінсіз деп танылуы мүмкін. Шартқа қосыла отырып, Коммерсант Транзакцияларды жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп тану ықтималдығына байланысты барлық тәуекелді өз мойнына алады және Банк Chargeback алған жағдайда (немесе егер Банк Эмитент банк болып табылса, бастамашылық еткен жағдайда), Картчоканы ұстаушының шотынан Коммерсанттың нұсқауы бойынша Банк Картчоканы ұстаушыға қайтарған ақшаны шартсыз қайтаруға міндеттенеді.

4.7. Банк осы Шартта белгіленген тәртіпте соманы алуды (есептен шығару) жүзеге асыру кезінде алынған (есептен шығарылған) сома валютасы Банк қайтарған сома валютасына сәйкес келмесе, Банк алынатын/есептен шығарылатын ақша сомаларын осындай операция жасалған кезде қолданыста болған Банктің қолма-қол ақшасыз шетел валютасын сатып алу/сату бағамы бойынша Картчоканы ұстаушыға қайтарылған соманың валютасына айырбастайды.

4.8. Банк санкцияланғандығы, заңдылығы, жарамдылығы күмән тудыратын Транзакцияларды анықтаған жағдайда, Банк мұндай Транзакциялар бойынша ақша аударуды тоқтатуға құқылы. Ақша аудару Транзакцияның санкцияланғандығын зерттеу мерзіміне, Транзакция жасалған сәттен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге немесе ХТЖ қағидаларына сәйкес мерзімге тоқтатылады. Коммерсанттың шотындағы ақшаға иелік етуге қатысты бөлігінде осы Шарт Коммерсантпен бекітілген банктік шот шартының талаптарын толықтырады, оған сәйкес Коммерсант шоты ашылған және жүргізіледі.

4.9. Егер Chargeback сомасы немесе Коммерсантқа қатысты мәлімделген Фрод сомасы көрсетілген проценттік қатынас асқан күннің алдындағы бір айдағы Коммерсанттың барлық транзакциясы сомасының 1% (бір процентінен) асатын болса немесе Банктің қалауы бойынша белгіленген басқа сомадан асатын болса, Банк Транзакцияларды өңдеуді, сонымен қатар Коммерсанттың шотына 180 (жүз сексен) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге немесе ХТЖ ережелеріне сәйкес басқа мерзімге ақша аударуды тоқтата тұруға құқылы.

4.10. Банк Коммерсант тарапынан Картчокалық операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша наразылықтарды операция жүргізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, егер ХТЖ қағидаларында бұдан басқа мерзім қарастырылса, осындай ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде қабылдайды. Банктің Коммерсант тарапынан операциялар және ол бойынша өзара есеп айырысу бойынша наразылықтарды белгіленген мерзімде

алмауы Коммерсанттың осы операция бойынша төлем сомасын алғандығын растау болып саналады.  
4.1.1. ХТЖ қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін Коммерсант тарапынан қойылған талаптар үшін Банк жауап бермейді.

## 5. ЖАРАМСЫЗ ТРАНЗАКЦИЯЛАР

### 5.1. Транзакция жарамсыз деп танылады, егер:

- 5.1.1. Транзакция Шарттың 2.1. тармағында көрсетілмеген ХТЖ карточкасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілсе;
- 5.1.2. Транзакцияға Эмитент-банк ХТЖ арқылы, Банк немесе Карточканы ұстаушы Фрод ретінде наразылық білдірсе;
- 5.1.3. Эмитент банк ХТЖ арқылы немесе Карточканы ұстаушы Банк арқылы наразылық білдірген транзакциялар бойынша Коммерсант ХТЖ қағидалары немесе Банктің көзқарасы бойынша Коммерсанттың әрекеттерінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсына алмайтын болса;
- 5.1.4. Транзакцияны Эмитент банк және/немесе ХТЖ Фрод деп жарияласа;
- 5.1.5. Осы Шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жасалса;
- 5.1.6. Транзакция жүргізілген күні Карточканың жарамдылық мерзімі аяқталса;
- 5.1.7. Транзакция жүргізу кезінде Эмитент-банктен авторизациялау коды алынбаса;
- 5.1.8. Сату чегінде көрсетілген мәлімет Коммерсант Банкке ұсынған Транзакция деректеріне сәйкес келмесе;
- 5.1.9. Банкке ұсынылған чек данасы Карточканы ұстаушысы ұсынған чек данасына сәйкес келмесе;
- 5.1.10. Коммерсанттың Карточканы ұстаушыға тауарды/жұмысты/қызметтерді сату фактісін растайтын құжаты болмай, нәтижесінде Транзакция жүргізілсе;
- 5.1.11. Транзакциялар немесе авторизациялауға сұрау салуды Банктің мониторингі жүйесі күмәнді деп таныса;
- 5.1.12. Тауар/жұмыс/қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе ХТЖ қағидаларын бұза отырып сатылса;
- 5.1.13. Транзакция Эмитент-банк және/немесе ХТЖ Транзакцияларды жүзеге асыруға тыйым салған Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жүргізілсе;
- 5.1.14. Жүргізілген Транзакция бойынша Коммерсанттың қызметкерлері тарапынан заңға қайшы әрекеттер жасалғаны анықталса;
- 5.1.15. Карточканы немесе оның деректемелерін пайдалана отырып төленген тауар Коммерсантқа қайтарылған немесе жеткізілмеген болса, қызметтер/жұмыстар тоқтатылып немесе Карточканы ұстаушыға көрсетілмей/орындалмай, бірақ Карточканы ұстаушыға ақша қайтарылмаса (егер тауар/жұмыс/қызмет қабылданбаған немесе тауарды қайтару, жұмыстардан/қызметтерден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Коммерсанттың жұмыс істеу қағидаларында көзделмей және бұл туралы мәміле жасалғанға дейін Карточканы ұстаушыға хабарланған жағдайларды қоспағанда);
- 5.1.16. Карточканы ұстаушы бұрын төлеген тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысы, оның ішінде басқа тәсілмен (құжаттамалық растамасы бар) қайта төленсе;
- 5.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ-да белгіленген өзге де жағдайларда.

## 6. ТРАНЗАКЦИЯЛАРДЫ ЖОЮ

- 6.1. Егер Карточканы ұстаушы бас тартса, тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточканы ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алу жүзеге асырылмаса, Коммерсант Карточканы ұстаушының өтініші негізінде құрылғыда «Жою» операциясы арқылы Транзакцияның күшін жоюға бастамашылық жасайды және ЭКС-ға хабарлама жолдайды.
- 6.2. ЭКС-дан Транзакцияның күшін жою туралы ақпаратты алған жағдайда, Эмитент банк Авторизацияны тоқтатады (Карточканы ұстаушының Карточкалық жүйесіндегі Шоттағы ақшаны бұғаттан шығаруды жүргізеді).
- 6.3. Авторизацияны тоқтату немесе бас тарту сәтті жүргізілгендігі туралы ақпаратты алған жағдайда, процесс нәтиже шығарумен және чекті басып шығарумен аяқталады.
- 6.4. Егер Карточканы ұстаушы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу үшін Карточканы ұстаушының шотынан ақша алғаннан кейін Транзакциядан бас тартса, Транзакцияның күшін толық немесе ішінара жоюды Коммерсант ЭКС-ға хабарлама жолдау арқылы Транзакцияны тоқтату арқылы жүзеге асырады. Өздігінен тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Коммерсант Банкке Банкпен келісілген мерзімде өтемақы сомаларынан есептен шығарылған ақшаны Карточканы ұстаушыға қайтару туралы жазбаша нұсқау жібереді, егер Транзакцияны жоюдың осындай тәсілі Банкпен келісілген болса.

## 7. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 7.1. Банк міндеттенеді:

- 7.1.1. POS-терминал арқылы Коммерсант сатқан тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдаған жағдайда:

- 1) қажетті құжаттамамен POS-терминалды Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде

- Коммерсантқа беруге және оны Коммерсантта орнатуға не Коммерсант өзі сатып алған POS-терминалды орнатуға;
- 2) Коммерсантты қажеттілігіне қарай POS-терминалдың шығыс материалдарымен тегін қамтамасыз етуге (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);
- 3) қажет болған жағдайда POS-терминалдың бағдарламалық жасақтамасын техникалық қайта жарақтандыруды және жөнге келтіруді жүргізуге;
- 4) жұмыс күндері ұсынылған POS-терминалға сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);
- 5) POS-терминалдың ақаулығы туралы актіге сәйкес Коммерсанттың кінәсінен де, Коммерсантқа қарамастан да орын алған POS-терминалдың сынуы кезінде оны жөндеуді және ауыстыруды жүргізуге (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);
- 6) Банк ұсынған POS-терминалға келесі талаптарда сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге:
- қашықтан Банктің Байланыс орталығы арқылы кеңес беру арқылы - күн сайын, демалыс және мереке күндерінсіз;
  - қажет болған жағдайда сауда орнының орналасқан жеріне бару арқылы - жұмыс күндері;
- 7.1.2. Коммерсант төлемдерді QR-кодты пайдалана отырып қабылдаған жағдайда:
- 1) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Коммерсантты карточкалық жүйеге қосуға;
- 2) Карточкалық операцияларды кейіннен қарау үшін мобильді қосымшаға кіруге арналған логинді, динамикалық QR-кодты генерациялау, қайтарылатын Карточкалық операцияларға бастама жасау, Коммерсант қызметкерлерін кіргізу/жою туралы сұрау салуды ұсынуға;
- 3) Карточкалар бойынша операция жүргізу үшін генерацияланған статикалық QR-кодты ұсынуға;
- 7.1.3. FortePOS арқылы төлемдерді қабылдаған жағдайда:
- 1) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Коммерсантты карточкалық жүйеге қосуға;
- 2) мобильді құрылғыны тіркеу үшін VSN нөмірін беруге;
- 7.1.4. Төлемдерді Коммерсант өзі сатып алған/жалға алған Төлем терминалы арқылы қабылдаған жағдайда, Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Коммерсантты карточкалық жүйеге қосуға;
- 7.1.5. Банк шығарған Карточканы ұстаушыларды Карточкаларды Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін ақы төлеуге пайдалану мүмкіндігі туралы хабардар етуге;
- 7.1.6. Коммерсант қызметкерлеріне карточкаларға қызмет көрсету тәртібі мен қағидаларын тегін үйретуге, сондай-ақ жаңадан қабылданған Коммерсант қызметкерін (- лерін) тегін оқытуға;
- 7.1.7. Банктің жұмыс күндері Коммерсантты Карточканы ұстаушыларға қызмет көрсетуге байланысты кеңес берумен қамтамасыз етуге;
- 7.1.8. PCI DSS стандарттарының қолданыстағы барлық талаптарын сақтауға;
- 7.1.9. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын уақытында және толық көлемде орындауға;
- 7.1.10. Ақпаратқа рұқсатсыз өтуден қорғау, Банк қызметкерлерінің құпия ақпаратқа сырттан рұқсатсыз өтуіне де, ішкі қол жеткізуіне де байланысты Карточканы ұстаушылардың құпия деректерінің компрометациясына жол бермеу мақсатында Банктің желілік инфрақұрылымын сенімді қорғауды қамтамасыз етуге.

## **7.2. Банк құқылы:**

- 7.2.1. Кез келген уақытта, өз қалауы бойынша, Коммерсантты тексеруге (қызметін тексеруге), сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей Коммерсанттан Коммерсанттың қызметінің түрлері, акционерлер (қатысушылар/құрылтайшылар, бенефициар меншік иесі туралы деректер, Коммерсанттың қызметін жүзеге асыруға рұқсатының бар-жоғы (қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілсе) туралы ақпаратты, ХТЖ талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, айналымдардың болуы, айналымдарды бұрын мәлімделген айналымдармен салыстыру, осы айналымдар бойынша тарифтердің, қызмет көрсетілетін карточкалар түрлерінің сәйкестігін анықтау үшін мәліметтерді және кез келген басқа қажетті ақпаратты сұратуға;
- 7.2.2. Егер Банк Chargeback алса (немесе бастамашылық етсе, егер Банк Эмитент банк болса), Коммерсанттан Коммерсанттың тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды талап етуге;
- 7.2.3. Шарттың 4-бөлімінде көрсетілген Транзакциялар бойынша, жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз немесе Коммерсанттың Шарт талаптарын бұза отырып жүргізген немесе егер Банк Транзакциялар сондай деп күдіктенсе, Коммерсанттың шотына ақша аудармауға, осындай Транзакциялардың сомасын Банк Коммерсантқа сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін аударатын ақшадан ұстап қалуға немесе сөзсіз және даусыз тәртіпте (Коммерсанттың қосымша келісімдерін алусыз) Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға (алуға) немесе Шартта белгіленген басқа тәртіпте Банктің талаптарын қанағаттандыруға;
- 7.2.4. Шартқа сәйкес Коммерсанттың шотына ақша аудармауға, Банктің Коммерсантқа сатылған тауарлары/жұмыстары/қызметтері үшін аударатын ақшадан соманы ұстап қалуға немесе сөзсіз және даусыз тәртіпте (Коммерсанттың қосымша келісімдерін алусыз) Коммерсанттың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға (алуға) немесе Банктің талаптарын Шартта белгіленген басқа тәртіпте Коммерсанттың Шарт талаптарын бұзуына байланысты Банк қойған тұрақсыздық айыбы, залалдардың сомасында, Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар Коммерсанттың Шарт талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе ХТЖ белгілеген қағидаларды бұзуына

байланысты салған айыппұл, алым және тұрақсыздық айыбы сомасында қанағаттандыруға;

7.2.5. Коммерсант жүзеге асыратын операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында, сондай-ақ Банктің валюталық бақылауды жүзеге асыруы, Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы заңнама талаптарын орындау, клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін Коммерсанттан кез келген құжат пен ақпаратты ұсынуын талап етуге;

7.2.6. Егер Банк Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты екенін анықтаса, егер мұндай қызмет бойынша операцияларға қызмет көрсету үшін Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес қажетті рұқсатнамалары болмаса немесе авторлық құқықты бұза отырып және (немесе) тауар таңбаларын құқық иесінің рұқсатынсыз пайдалану арқылы, ХТЖ тауар белгілерінің (қызмет көрсету белгілерінің) беделін түсіретін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сағаттын болса, сондай-ақ Банк Транзакциялардың заңды екеніне күдіктенсе және Банктің қарауы бойынша басқа да жағдайларда Коммерсанттың POS-терминалын, FortePOS, QR-кодын, Төлем терминалын карточкалық жүйеден дереу ажыратуға, Бұл ретте Банк Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген Коммерсанттың электрондық пошта адресіне немесе басқа қолжетімді байланыс арналары арқылы Коммерсантқа хабарлама жібереді;

7.2.7. Коммерсант сатқан тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді POS-терминал арқылы қабылдаған жағдайда:

1) Банкке келтірілген залал мөлшерінде POS-терминалдың бұзылғаны/сынғаны немесе жоғалғаны үшін Коммерсантқа шот ұсынуға (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

2) Банктің және Коммерсанттың уәкілетті қызметкерлері қол қойған тиісті актілер негізінде POS-терминалды өз қалауы бойынша ауыстыруға немесе алып қоюға (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

7.2.8. Транзакция мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда (Коммерсантты тарту кезінде мәлімделген) Шартқа Қосымша келісім жасау арқылы Коммерсанттың қосылуы туралы өтініште көзделген Транзакциялар төлемін жасау кезінде Банк ұстап қалатын комиссияны арттыруға бастамашылық жасауға;

7.2.9. Карточканы алу туралы актіні ресімдей отырып, Карточканы ұстаушыдан алып қоюға. Алынған Карточка кейіннен карточканың иесі – Эмитент-банкке қайтарылуы үшін үш күн мерзімде Банкке тапсырылуы тиіс;

7.2.10. Шартқа, оның ішінде, Қосылу туралы өтініште көрсетілгендерден басқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістер/толықтырулар (сонымен қатар жаңа редакциясы) күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда тиісті ақпаратты Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің интернет-сайтында ([www.forte.kz](http://www.forte.kz)) орналастыру арқылы Коммерсантқа алдын ала хабарлау керек, бұған Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей белгіленген біржақты тәртіпте өзгеріс енгізуге тыйым салынатын жағдайлар қосылмайды;

Шартқа өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң, осы тармақта белгіленген тәртіпте мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді;

7.2.11. Коммерсанттың үнсіздік түрінде ерік білдіруі негізінде Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте осындай өзгерістер/толықтырулар күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда осындай өзгерістерді/толықтыруларды (сонымен қатар жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында және/немесе Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы Коммерсантқа алдын ала хабарлау керек, Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты тәртіпте өзгеріс енгізуге тыйым салынады. Егер осы тармаққа сәйкес, Банк өзгерістердің/толықтырулардың енгізілуі туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Коммерсант Шартқа енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге қатысты, қабылдамағаны туралы жазбаша өтінішті ұсынбаса, бұл оның ерік білдіруі болып табылады және Коммерсанттың бұл өзгерістермен/толықтырулармен келіскенін білдіреді;

7.2.12. Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып, олардың заңдылығына қатысты күдік тудыратын операцияларды анықтау және алаяқтық операциялардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдау мақсатында Банк, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, карточкалық жүйесіне түсетін Коммерсант жүргізетін операциялар бойынша авторизациялық сұрау салулардағы ақпаратқа мониторингті (талдауды) жүзеге асыруға құқылы;

7.2.13. Шартқа сәйкес POS-терминал, FortePOS, QR-код, Төлем терминалы арқылы операция жүргізуге тәуліктік лимит белгілеуге;

7.2.14. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың қызметі туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына беруге;

7.2.15. Алаяқтық транзакцияларға күдік туындаған жағдайда, Банк төменде көрсетілген әрекеттерді жүзеге асырған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсантты жазбаша хабардар ете отырып, төменде көрсетілген әрекеттерді біржақты тәртіпте жүзеге асыруға құқылы:

- 1) барлық мән-жайлар анықталғанға дейін Коммерсант құрылғысын бұғаттауға;
- 2) тәуліктік лимит мөлшерін өзгертуге;
- 3) ақшаны есепке алу мерзімін өзгертуге;
- 4) карточкаларға шектеулер қоюға;

5) Шарттың 3.12-т. көрсетілген қосымша сервистерді (опцияларды) бұғаттауға.

7.2.16. Банк Шарттың, Қазақстан Республикасының заңнамасының және шетел мемлекеттерінің Банк қызметіне, Банктің ішкі рәсімдері мен талаптарына қатысты жария болып табылатын талаптары, сондай-ақ корреспондент-банктің талаптары бұзылған, бұзылуы мүмкін болуы мүмкін деп болжаса, сондай-ақ қолданысы Банк пен Коммерсантқа қатысты болып табылатын (соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей, Коммерсант пен оның лауазымды тұлғалары, акционерлері/қатысушылары, бенефициарлық меншік иелері, еншілес және қауымдасқан ұйымдары тіркелген және/немесе орналасқан елмен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдермен операция түрімен байланысты) кез келген мемлекеттің юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда, өзінің қарастыруынша және себептерін түсіндірусіз соттан тыс тәртіпте Коммерсантпен ағымдағы іскерлік қарым-қатынастарды жалғастырудан және жаңасын орнатудан, Коммерсанттың кез келген операцияларын және осы Коммерсантқа қатысты жүргізілетін операцияларды орындаудан бас тартуға;

7.2.17. Келесі жағдайларда операцияны дереу тоқтата тұруға және/немесе бас тартуға:

1) егер осы операцияның/мәміленің немесе міндеттемелердің бір тарапы (тараптары) келесілер болса:

а) Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға;

б) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның тікелей немесе жанама түрде меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға,

в) Тізбеге енгізілген ұйымдардың немесе тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;

г) халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;

2) егер Коммерсант жасаған операцияларды зерделеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаса;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарында белгіленген жағдайларда;

4) санкцияланбаған операциялар, Фрод, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген қызмет түрі немесе басқа күдікті белсенділік анықталғанда (жүргізілуі мүмкін деген күдік болғанда), Банкке сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқанда, сондай-ақ егер операцияны тоқтату және/немесе жүргізуден бас тарту Банкке/клиентке/Карточканы ұстаушыға залал келтіруді/ залалдың әрі қарай ұлғаюын, өзге қауіптерді болдырмау мақсатында және Банктің қалауы бойынша немесе ХТЖ сұранысы бойынша басқа жағдайларда;

5) Коммерсант тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) тапсыруға келісім беруден бас тартқан жағдайда.

7.2.18. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіпте бас тартуға, Шотты жабуға және Шарттың қолданысын тоқтатуға:

1) Коммерсант таратылған жағдайда, тарату фактісін растайтын құжаттар болған кезде;

2) Тізбелерде Коммерсант туралы мәліметтер болса;

3) егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген тұлға операция/мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;

4) Егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалады деген күдік болса;

5) Коммерсант қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың талаптарын сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, сондай-ақ клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service), оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекетті органдары арқылы беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда;

6) соңғы Транзакция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Шарт шеңберінде Транзакциялар болмаған жағдайда, сондай-ақ Шартқа сәйкес өзге де жағдайларда;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, Шартта белгіленген өзге жағдайларда;

7.2.19. Коммерсанттың алдын ала келісімінсіз Карточкаларды ұстаушылардың қаржылық операцияларының қауіпсіздігі мақсатында карточкалық операцияларды жүргізуге тәуліктік лимиттер белгілеуге. Коммерсант үшін карточкалық операцияларды жүргізуге белгіленген тәуліктік лимит туралы ақпаратты Коммерсантқа осы тәуліктік лимиттің күшіне енуіне кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген электрондық пошта бойынша хабарлама жолдау арқылы банктің жауапты қызметкері хабарлайды;

7.2.20. Қайтарымды карточкалық операцияны жүзеге асыру кезінде Банк ұстап қалған эквайринг қызметтерін көрсеткені үшін комиссияны Коммерсантқа қайтармауға;

7.2.21. Банкке карточкалардың белгілі бір түрінің сауда эквайрингін тоқтату туралы талап келіп түскен жағдайда, мұндай ХТЖ жалпы алғанда да, сондай-ақ Коммерсантқа қатысты да біржақты соттан тыс тәртіпте талап келіп түскен ХТЖ карточкаларының тиісті түрінің сауда эквайрингінен бас тартуға. Бұл ретте, Банк алған ХТЖ талабында көрсетілген күннен бастап Банктің осындай карточкаларды пайдалана отырып жүргізілетін алдағы операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру бойынша міндеттемелері тоқтатылады. Банк осындай карточкаларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруды тоқтатқаны туралы Коммерсантты хабардар етеді;

7.2.22. Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында, «ForteBank» АҚ операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидасында көзделген өзге де құқықтары болуы мүмкін;

7.2.23. Санкция салынғанда/ықпал еткенде, сондай-ақ Коммерсант Санкция салынғаны/ықпал етуі туралы хабарлау міндеттерін бұзған жағдайда, онымен Шартта көзделген тәртіпте іскерлік қатынастарды тоқтатуға, кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға, тоқтата тұруға;

7.2.24. Егер Шарт бойынша қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің пікірі бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін жағымсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту, сонымен қатар санкция салынған тауарларды жеткізу, төлемдерді жүргізу немесе Санкцияны бұза отырып қаржыландыруды алу үшін делдалдық құрылымдарды құру және т.б. білдіреді.

### **7.3. Коммерсант міндеттенеді:**

7.3.1. Коммерсант қызметінің заңды негіздерін растайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық құжатының болуын қамтамасыз етуге;

7.3.2. Банктің талап етуі бойынша Шарттың 7.2.5-тармағында көзделген құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

7.3.3. Коммерсанттың құрылтай және өзге де құжаттары, деректемелері (пошта, заңды мекенжайы, электрондық пошта адресі) өзгерген жағдайда, өзгерістер енгізілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей оларды Банкке ұсынуға;

7.3.4. Коммерсант сатқан тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді POS-терминал арқылы қабылдаған жағдайда:

1) Банк ұсынған POS-терминалды қабылдауға, оның тікелей мақсаты бойынша тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге, алынған POS-терминалды пайдалану мен сақтаудың тиісті режимін сақтауға (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

2) Банкке POS-терминалды орнатуға және оған техникалық қызмет көрсетуге немесе қайта жабдықтандыруға байланысты жұмыстарды жүргізу мүмкіндігін беруге;

3) POS-терминалдың бағдарламалық жасақтамасы мен техникалық параметрлеріне ешқандай өзгерістер енгізеуге;

4) POS-терминалды орнату үшін міндетті түрде жеке телефон желісі бар орынды белгілеуге (телефон желісін пайдалана отырып, POS-терминалды қосқан кезде);

5) Банктен алынған POS-терминал мен шығыс материалдарын ғана пайдалануға (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

6) POS-терминалды қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген құрылғы жоғалған, одан әрі пайдалануға жарамсыз күйге келтірілген жағдайда, Банкке ҚҚС-ты ескере отырып, Банк белгілейтін POS-терминалдың қалдық құнын өтеуге (егер POS-терминалды Коммерсант өз күшімен және өзінің меншікті қаражаты есебінен сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

7) Егер POS-терминалдың сынуы Коммерсанттың кінәсінен болса, POS-терминалды жөндеу құнын, сонымен қатар оны жөндеу кезінде ауыстырылатын бөлшектерінің құнын құнын өтеуге (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

8) POS-терминал мен шығыс материалдарын және оларды пайдалану мүмкіндігін үшінші тұлғаларға бермеуге;

9) Шартты бұзған кезде Қайтару актісі бойынша қажетті құжаттамасы бар POS-терминалды ақаусыз және пайдалануға жарамды күйде, толық жиынтықта қайтаруға (егер POS-терминалдарды Коммерсант өзі сатып алған болса, бұл талап қолданылмайды);

7.3.5. Коммерсант төлемдерді QR-кодты пайдалана отырып қабылдаған жағдайда:

1) App Store, Google Play дүкендерінен мобильді қосымшаны пайдалануға;

2) мобильді қосымшаға кіру үшін PIN кодын генерациялауға және өзінің PIN код нөмірін ешкімге айтпауға;

3) мобильді қосымшада Транзакциялар жүргізу үшін өз қызметкерлеріне өкілеттіктер берілуіне / тоқтатылуына қарай қосымшада ақпаратты уақытында енгізуге/өшіруге;

4) телефон нөмірі жоғалған немесе ауысқан кезде бұл туралы Банкке хабарлауға;

7.3.6. Коммерсант төлемдерді FortePOS пайдалана отырып қабылдаған жағдайда:

1) Банктің ұсыныстарына сәйкес мобильді құрылғының болуын қамтамасыз етуге;

2) Google Play дүкендерінен қосымшаны пайдалануға;

3) VSN нөмірін ешкімге айтпауға;

4) телефон нөмірі жоғалған немесе ауысқан кезде бұл туралы Банкке хабарлауға;

5) Банкке FortePOS орнатумен байланысты жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік беруге;

7.3.7. POS-терминалда, FortePOS, Forte QR-де тек оқудан өткен қызметкерлердің жұмысқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

7.3.8. POS-терминалға, FortePOS-қа, Forte QR-ға, Төлем терминалына рұқсатсыз кіруді болдырмауға;

7.3.9. Коммерсанттың витриналарында/кіреберіс есіктерінде VISA және Mastercard логотипі бар жапсырмалардың дұрыс орналасуын және нұсқаулардың болуын қамтамасыз етуге;

7.3.10. Шартта көрсетілген Карточкаларды заңды ұстаушылар ұсынатын ХТЖ-ның барлық жарамды карточкаларын төлемге қабылдауға;

7.3.11. Карточканы ұстаушыларға қолма-қол ақшамен есеп айырысу кезінде Коммерсанттың әдеттегі бағасынан аспайтын бағалар бойынша тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің толық жиынтығын ұсынуға;

7.3.12. Карточкаларға қызмет көрсетудің және чектерді ресімдеудің барлық ережелері мен талаптарын Шарт талаптарына сәйкес орындауға;

7.3.13. Клиенттерге тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді карточкалармен төлеу мүмкіндігі туралы хабарлайтын, Коммерсанттың қызмет көрсету пункттеріндегі көрнекті орындарға Банк ұсынатын жапсырмалар мен басқа да материалдарды орналастыруға;

7.3.14. Жарамсыз, жоғалған, ұрланған карточкалар бойынша ақпаратты (ақпараттық хаттар) жедел қолдануға, пайдалануға;

7.3.15. Карточкаларға қызмет көрсетуге рұқсат етілген Коммерсанттың қызметкерлерін оқытуды жүргізу үшін Банкке жағдай жасауға;

7.3.16. Коммерсанттың қызметкерлерін Шарт бойынша талаптар мен міндеттермен таныстыруға және олардың Шарт талаптарын, нұсқаулық материалдарды, тоқтату парақтарын сөзсіз орындауын қамтамасыз етуге;

7.3.17. Шарт талаптарын, нұсқаулық материалдарды, ақпараттық хаттарды, берілетін жабдықтарды бұза отырып жасалған Транзакцияларға қатысты өз қызметкерлерінің іс-әрекеттері үшін Банк алдында толық көлемде жауапты болуға;

7.3.18. Карточкаларға Шартқа сәйкес қатаң қызмет көрсетуге;

7.3.19. Қазақстан Республикасының аумағында сатуға/жүзеге асыруға тыйым салынған тауарларға/жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша карточкалық операцияларды жүргізбеуге не Коммерсант Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның ішінде қажетті рұқсаттардың болмауы салдарынан осындай тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сатуды жүзеге асыруға құқылы емес;

7.3.20. Шарттың 7.3.4-т. 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген талаптарды ескере отырып, Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда Банк тарифтеріне сәйкес Шарт бойынша Банк қызметтеріне ақы төлеуге;

7.3.21. Нәтижесінде Коммерсанттың шотына негізсіз ақша есептеу жүргізілген қателер фактісі анықталған жағдайда, Коммерсант көрсетілген фактіні анықтаған кезден бастап не Банк қате есептелген ақшаны қайтару туралы тиісті хабарламаны жіберген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банктік шотқа қате есептелген ақшаны Банкке толық мөлшерде қайтаруға;

7.3.22. Күн сайын операцияларды есепке алуға. Банк есептеген және операциялар бойынша Коммерсантқа нақты тиесілі сомалар арасында алшақтық анықталған жағдайда, Коммерсант осындай алшақтық туралы Банкке операция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға;

7.3.23. 5 (бес) жыл ішінде Транзакция туралы ақпаратты және Карточканы ұстаушының тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлегенін және алғанын растайтын құжаттарды сақтауға;

7.3.24. Шартты орындау салдарынан өзіне белгілі болған Карточканы ұстаушы туралы ақпаратты таратпауға және жария етпеуге, Карточканың толық нөмірін, қауіпсіздік кодтарын және тауарды/жұмыстарды/қызметтерді сату салдарынан Карточканы ұстаушыдан Коммерсантқа белгілі болған өзге де деректемелерді қоса алғанда, бірақ шектелмей, Карточканың деректемелерін қандай да бір нысанда/түрде сақтамауға;

7.3.25. Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша тауарды/жұмыстарды/қызметті сатқаны туралы растаушы құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде Шартта белгіленген мерзімде Банкке ұсынуға;

7.3.26. Банк тарифтеріне сәйкес және Шартта көзделген тәртіпте Банкке комиссиялық сыйақыны сөзсіз төлеуге;

7.3.27. Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша ресми сайтында, Банк филиалдарының операциялық залдарында Шартқа енгізілген өзгерістер/толықтырулар, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтері туралы ақпараттың орналастырылуын тұрақты негізде бақылап отыруға;

7.3.28. Банктің талабы бойынша Коммерсанттың қызметі туралы қажетті ақпарат беруге;

7.3.29. Коммерсанттың Банк талаптарына, ХТЖ қағидаларына сәйкестігін, сондай-ақ Шарттың талаптарына сәйкес бірлескен қызметті жүзеге асыру мүмкіндігін айқындау мақсатында Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар пакетін ұсынуға;

7.3.30. Коммерсантқа белгілі болған Карточкалар деректерінің жария етілуінің барлық фактілері туралы Банкке дереу хабарлауға;

7.3.31. Банкке залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында 3 (үш) жұмыс күні ішінде Коммерсантқа қатысты уәкілетті органдардың шектеу сипатындағы мынадай шешімдер/іс-қимылдар қабылдағаны туралы Банкке жазбаша хабарлауға:

- 1) Коммерсантты мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 2) Коммерсанттың кез келген банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) Коммерсанттың ақшасына және/немесе өзге де мүлкіне тыйым салу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шешімдер немесе әрекеттер.

7.3.32. Банкке орналасқан жерінің, заңды мекенжайының, банктік деректемелерінің, құрылтай құжаттарының және Банкке ұсынылған басқа да мәліметтерінің барлық өзгерісі туралы осындай өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға;

- 7.3.33. Банкке, Байланыс орталығына жүгіну арқылы немесе телефон арқылы Шарт шеңберінде пайдаланылатын бағдарламалық жасақтаманың/сервистердің іркілістері/тұрып қалуы туралы Банкке хабарлауға;
- 7.3.34. Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, Карточканы ұстаушы мәлімделген сипаттамаларға сәйкес келмейтін сапасыз және/немесе толық жабдықталмаған тауарды/жұмысты/қызметті алудан бас тартқан жағдайда немесе тауар/жұмыс/қызмет белгіленген мерзімде сатылмаса, Банкті қайтару рәсіміне қатыстырмай, Карточканы ұстаушының қайтарылған тауар/жұмыс/қызмет үшін төленген ақшаны қайтару туралы шағымдарын өзі реттеуге;
- 7.3.35. Retrieval request, Chargeback, pre-arbitration, precompliance, arbitration, compliance және басқалары; Банкке ол бойынша операциялар, операцияның жарамсыз: Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес санкцияланбаған, Фрод өзге де заңға қайшы болып табылатыны көрсетіле отырып жүргізілген Карточканың Эмитент банкі ұсынған шағымдарды/хабарамаларды қоса алғанда, Банктің мекенжайына ХТЖ өзі де, олардың қатысушылары да бағыттаған факсимильдік хабарламалар, электрондық хаттар сияқты ХТЖ-ға қабылданған барлық диспуттық құралды/диспуттік процесс циклдерін (Транзакцияны даулау процесі) растаушы құжаттар ретінде мойындауға;
- 7.3.36. POS-терминалдардың, Төлем терминалдарының тізімін өзекті күйде ұстауға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей: құрылғыны қосқан, орнын ауыстырған, есептен шығарған сайын жаңартып отыруға;
- 7.3.37. Әрбір жарамды чекте Шарттың 3.5.-тармағында көзделген ақпарат көрсетілуі тиіс;
- 7.3.38. Коммерсанттың қызметкерлері Карточканы ұстаушыға толтырылған чектің екінші данасын - Карточканы ұстаушы тарапынан сұрау салу кезінде ұсынуға;
- 7.3.39. Банктің ХТЖ/мемлекеттік органдарға тиісті емес транзакциялар, айыппұлдар, өзге де ұстап қалулар сомаларын төлеуіне байланысты Банкке келтірілген залалдарды және Коммерсанттың қызметіне байланысты немесе негізделген кез келген өзге де залалдарды толығымен өтеуді қамтамасыз етуге;
- 7.3.40. Шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ-ның Транзакциялар бойынша талаптарды мәлімдеуінің өзге (неғұрлым ұзақ) белгіленген мерзімінде, Коммерсанттың Шарттың ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарын немесе ХТЖ белгіленген қағидаларды бұзуына байланысты, Банк мұндай төлем туралы талабын жіберген соң, тиісті ХТЖ және/немесе эмитенттердің және/немесе Карточканы ұстаушылардың шағымдары бойынша Банктің шоттарынан алынатын барлық ақшаны, Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот, құқық қорғау органдары және/немесе өзге уәкілетті органдар салған, құжаттамамен расталған айыппұлдар, алымдар және тұрақсыздық айыбы сомаларын дереу Банкке төлеуге;
- 7.3.41. Қазақстан Республикасының заңнамасында қайта сенім білдіруге жол берілетін жағдайларды қоспағанда, Шартта айтылған әрекеттерді үшінші тұлғаларға қайта сенім білдіру құқығынсыз орындауға;
- 7.3.42. Ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етуге;
- 7.3.43. Банктің өтініші бойынша, Фрод, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу, Коммерсант жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ қағидаларына, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 7.3.44. 3 (үш) жұмыс күні бұрын Шарттың 3.12-т. көрсетілген қосымша сервистің (опцияның) өшірілгені туралы Банкке еркін жазбаша нысанда алдын ала хабарлауға;
- 7.3.45. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, оның ішінде Банктің ақпараттық активтерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті бұзу, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы іркілістер және Коммерсанттың және/немесе үшінші тұлғалардың араласуынан туындаған олардың қауіпсіздігін бұзу салдарынан туындап, Банкке келтірілген залалды Шартта белгіленген тәртіпте өтеуге;
- 7.3.46. Егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қандай да бір сәтте оған Санкция салу/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде хабардар етуге;
- 7.3.47. Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқаулар жібермеуге немесе операциялар жүргізеуге;
- 7.3.48. Шарттың өзге де талаптарын орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ қағидаларының талаптарын сақтауға.

#### **7.4. Коммерсант құқылы:**

- 7.4.1. Банктен міндеттерді тиісінше орындауды талап етуге;
- 7.4.2. Шарт талаптарына және Банктің нұсқаулықтарына сәйкес Карточканы ұстаушыға Карточкалық операция жүргізуден бас тартуға;
- 7.4.3. Коммерсанттан жүргізілген Карточкалық операциялар туралы үзінді көшірмелерді алуға (Коммерсанттың талабы бойынша);
- 7.4.4. Электрондық пошта арқылы Банктен алдын ала келісіп, өз жарнамалық материалдарындағы карточкалармен тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу мүмкіндігіне сілтеме жасауға;
- 7.4.5. Банкке жүгіну арқылы QR-кодты, Forte POS мобильді қосымшасын, POS-терминалды, Төлем терминалын пайдалану мәселелері бойынша Банктен кеңес алуға;
- 7.4.6. Банкке жүгіну арқылы Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Банкті еркін жазбаша нысанда хабардар ете отырып, Шартты бұзуға;

7.4.7. Қосымша сервистерді (опцияларды) қосудан бас тартылған жағдайда, қосудан бас тартуды алғаннан кейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) айдан кейін қайта өтінім беруге.

## 8. ҚАУІПСІЗДІК

8.1. Коммерсант сатқан тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді POS-терминал/Төлем терминалы арқылы қабылдаған жағдайда:

1) POS-терминалды/Төлем терминалын пайдалану кезінде, POS-терминал/Төлем терминалы ДСН кодын сұратқан жағдайда, Карточканы ұстаушының ДСН кодын енгізуі арқылы қауіпсіздікке қол жеткізіледі.

2) сату орындарында, кассалық терминалдарды орнату орындарында жұмыс істейтін Коммерсанттың қызметкерлері қауіпсіздік мәселелерін қамтитын мерзімді оқытудан өтуі тиіс:

- POS-терминалдармен проблемаларды шешу немесе өзгерістер енгізу үшін рұқсат бермес бұрын өзін жөндеу немесе техникалық қызмет көрсету мамандары ретінде көрсететін тұлғалардың жеке басын анықтау қажеттілігі;

- Жеке тұлғаны анықтамай және осындай әрекеттерді жүргізуге рұқсатты растамай тұрып POS-терминалды орнатуға, ауыстыруға не болмаса Банкке немесе үшінші тараптарға қайтаруға тыйым салынады;

- POS-терминалдардың жанында үшінші тұлғалардың күдікті әрекеттерін қадағалау қажет (мысалы, бөгде адамдардың құрылғыны өшіру немесе ашу әрекеттері);

- қызметкерлер POS-терминалдарды бұзу немесе ауыстыру белгілері туралы тиісті тұлғаларға (мысалы, тікелей басшысына немесе қауіпсіздік қызметінің қызметкеріне) хабарлауы тиіс.

3) Коммерсант POS-терминалдарды/Төлем терминалдарын қолдан жасаудан және ауыстырудан қорғау бойынша қажетті шараларды қамтамасыз етуі тиіс. Құрылғыларды Коммерсанттың қызметкерлері жүйелі түрде тексеріп отыруы керек:

- құрылғыға қосылған күдікті саптамалардың, жапсырмалардың немесе кабельдердің бар-жоғын;

- қорғаныш жапсырмаларының (пломбалардың) болмауын немесе өзгеруін;

- корпусның зақымдануын немесе түсінің өзгеруін, сериялық нөмірінің немесе POS-терминалдың/Төлем терминалының өзге де сыртқы белгілерінің өзгеруін анықтауға қатысты.

Құрылғыны бұзу немесе ауыстыру белгілері туралы Банкке/Банк пен Компанияға дереу хабарлау керек;

4) Коммерсант POS-терминалдардың/Төлем терминалдарының тізімін жүргізуі және оларды тұрақты түгендеуді жүзеге асыруы тиіс (кемінде жылына бір рет). POS-терминалдардың/Төлем терминалдарының тізіміне мыналар кіруі керек:

- құрылғының маркасы мен моделі;

- құрылғының орналасқан жері;

- құрылғының сериялық нөмірі немесе басқа бірегей сәйкестендіргіші.

## 9. ҚҰПИЯЛЫҚ

9.1. Тараптар келіссөздер жүргізу, шарт жасау және орындау барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың құпия мәліметтерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты (бұдан әрі – құпия ақпарат) жария етпеуге міндеттенеді.

9.2. Тарап үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты ашуға ниеттенген жағдайда, ол туралы Құпия ақпараттың иесі болып табылатын екінші Тарапты хабардар етуі және Құпия ақпаратты ашуға оның алдын ала жазбаша келісімін алуы, сондай-ақ үшінші тұлғадан өзіне берілген Құпия ақпаратты жария етпеу талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттемені алдын ала алуы, сондай-ақ дербес деректерді, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты Шарттың 9.6-тармағында көзделген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

9.3. Тараптар Шарттың осы бөлімінің 9.2.-т. сақтамай, үшінші тұлғаларға Құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді, бұған Банктің мұндай тұлғамен (тұлғалармен) мәні контрагенттің (контрагенттердің) оларға белгілі болған/белгілі болатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім (келісімдер) жасаған кезде мұндай ақпаратты (Шарттың 9.6-тармағының талаптары орындалған кезде, дербес деректерді, үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты) өз контрагентіне (контрагенттеріне) жария ететін жағдайлары, сондай-ақ мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында жазылған не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұрау салулары негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды, Шарттың осы бөлімінің талаптары бұзылған жағдайда, кінәлі Тарап екінші Тарапқа құпия ақпаратты жария етуден келтірілген барлық құжатпен дәлелденген шығындарды өтеуге міндетті.

9.4. Коммерсант пен Банк қызметкерлері бір-бірінің құпия ақпаратымен Шарттың мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті шамада ғана танысуы тиіс.

9.5. Құпиялылық талаптары мерзімсіз сақталады.

9.6. Шартқа қосылу арқылы Коммерсант Банкке дербес деректерді және Коммерсантқа қатысты өзге де құпия ақпаратты жинауға, өңдеуге, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсаттар үшін пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Тараптардың үшінші тұлғалар туралы, осындай тұлғалардың дербес деректері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты кез келген түрде беруі – беруші Тарап осындай үшінші тұлғалардан осындай ақпаратты (өңдеуге, оның ішінде тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) беру туралы тиісті келісімдерді

алғаннан кейін ғана және осындай келісімдерде белгіленген көлемде жүргізіледі. Банк айқындайтын қажеттілік жағдайында, Коммерсант Банкке Коммерсант Дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуге келісімдерінің бар-жоғын құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдерінің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке оларды алғанын растайды. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Коммерсантқа жүктеледі. Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Коммерсант Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді. Тараптар басқа Тараптан алынған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын дербес деректерді құрайтын құпия ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

9.7. Коммерсант Транзакция жүргізілген сәттен бастап кемінде үш жыл уақыт ішінде Карточкалар бойынша жүргізілген Транзакциялар бойынша чектер даналарының және/немесе басқа ақпараттың сақталуына кепілдік береді.

9.8. Коммерсант Карточкалар бойынша жүргізілген Транзакциялар бойынша чектердің даналарын және/немесе басқа да ақпаратты сейфте сақтауға міндеттенеді.

9.9. Коммерсант Банктің сұрауы бойынша 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізілген Транзакциялар бойынша чектердің көшірмелерін және/немесе басқа да қажетті ақпаратты Банкке ұсынуға міндетті.

Банк Коммерсантқа Хатты Коммерсанттың сауалнамасында көрсетілген пошта мекенжайы немесе электрондық адрес бойынша жіберу арқылы сұрау салу жібереді. Коммерсант Банкке сұрау салу жіберілген кезде Банк белгілеген тәсілдердің бірімен ақпарат жібереді:

1) Шартта көрсетілген пошта адресіне қолма-қол немесе курьерлік поштамен жеткізумен хат жолдау арқылы, немесе  
2) сұрау салуда көрсетілген электрондық пошта адрестері бойынша электрондық хат жіберу арқылы электрондық байланыс құралдарын пайдалану арқылы.

9.10. Транзакция туралы растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Банк Транзакцияның тиісті сомасын төлемеу құқығын өзіне қалдырады.

9.11. Коммерсант төлеуге тиісті сомалар туындаған кезде Банк оларды Коммерсанттың шотына аударылатын сомалардан ұстап қалуға құқылы. Банк Шартта белгіленген тәртіпте Коммерсанттың банктік шоттарынан ақшаны алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыру арқылы да Коммерсантқа өзінің талап ету құқықтарын өз қалауы бойынша іске асыруға құқылы.

9.12. Банк Коммерсанттың қосымша келісімсіз Коммерсанттың атауын (заңдық және саудалық)/сауда белгісін/логотипін, сондай-ақ клиенттермен байланысуға арналған оның байланыс деректерін (телефондарын, мекенжайларын, оның ішінде веб-сайттарының адрестерін) Банктің пікірі бойынша осындай пайдалану орынды болған кезде өзінің кез келген жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында пайдалануға құқылы. Шартқа қол қою арқылы Коммерсант өзінің уәкілетті тұлғалары арқылы Банкке өзінің кез келген жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында Коммерсанттың атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін пайдалануға ресми жазбаша келісім береді.

## **10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

10.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шарт талаптарына, ал онымен реттелмеген бөлігіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10.2. Шарт бойынша өз міндеттерін бұзған Тарап бұл бұзушылықтарды кешіктірмей жоюы тиіс.

10.3. Шарттың 9-бөлімінің талаптары бұзылған жағдайда, кінәлі Тарап екінші Тарапқа құпия ақпаратты жария ету арқылы келтірілген барлық құжатпен дәлелденген шығындарды өтеуге міндетті.

10.4. Үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамаға, қашықтан қол жеткізу жүйелеріне/жүйелеріне рұқсатсыз кіру салдарынан Тарапқа келтірілген шығындар үшін жауапкершілік кінәлі Тарапқа жүктеледі.

10.5. Ақпараттық қауіпсіздікті бұзу, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы іркілістер және Коммерсант және/немесе үшінші тұлғалар тарапынан араласудан туындаған олардың қауіпсіздігін бұзу салдарынан туындап, Банкке залал келтірілген жағдайда, Коммерсант келтірілген залалды Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке өтейді.

10.6. Тұрақсыздық айыбының сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10.7. Коммерсант Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, егер нақты бұзушылық бойынша тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері Шартта бөлек белгіленбесе, Коммерсант Банкке соңғысының талабы бойынша Банк мәлімдеген әрбір бұзушылық фактісі үшін 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Банк талап-шағымды реттегенге дейін Шарт бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы. Банк шығындарды өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу сомалары бойынша талаптарды Шартта белгіленген тәртіпте қанағаттандыруға құқылы.

10.8. Қайтарымды карточкалық операция сомасы уақытында қайтарылмаған жағдайда, Коммерсант Банкке соңғысының талабы бойынша мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін осы операция сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлейді.

### **10.9. Коммерсант жауапты:**

10.9.1. Олардың салдарынан Шарт ережелерінің бұзылуына, Банктің іскерлік беделіне нұқсан және шығын келтіруге және Банкті Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында көзделген, Коммерсант қызметінің

салдарынан туындаған, Банкке ХТЖ тарапынан салынған барлық өтемдерді/айыппұлдарды қоса алғанда, жауапкершілікке тартуға әкеп соққан өз персоналының/контрагентінің әрекеті/әрекетсіздігі үшін, Банкке әрбір бұзушылық үшін 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеумен;

10.9.2. Шартқа сәйкес құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзғаны үшін;

10.9.3. Банкке ХТЖ арқылы қойылған Эмитент-банктердің шағымдарын немесе Коммерсантта Эмитент-банктердің Карточкаларымен жүргізілген операцияларды, олар бойынша ХТЖ қағидаларымен шағымдарды даулау көзделмеген Транзакцияларды қоса алғанда, жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод және өзге де заңға қайшы деп тану себебінен Банкке тікелей қойылған шағымдарды қоса алғанда, Коммерсанттың қызметі салдарынан туындаған Карточканы ұстаушылардың даулары және Карточканы ұстаушыларға қызмет көрсету бойынша басқа мәселелер бойынша әрбір Транзакция үшін, жол берілген жарамсыз: рұқсат етілмеген, Фрод, өзге де заңға қайшы операциялар үшін;

10.9.4. Уәкілетті мемлекеттік органдар Коммерсанттың Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылық шараларын Банкке қолданған жағдайда;

10.9.5. Коммерсант Банкке ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар Коммерсанттың Шарт ережелерін, Қазақстан Републикасының заңнамасының, ХТЖ қағидаларының талаптарын бұзуына байланысты Банкке салған айыппұлдардың, алымдардың және тұрақсыздық айыбының кез келген сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді;

10.9.6. Коммерсант операциялар фродты болып табылатындығын (Карточканы ұстаушы жасамаған) көрсете отырып, Карточка эмитентінің Банкке қойған талабын немесе эмитенттің карточкаларымен жүргізілген операциялар фродты болып табылатындығы көрсетілген Эмитенттің факсимильді хабарламасын құжат ретінде тануға міндеттенеді;

10.9.7. Коммерсант қызметкерлерінің/Коммерсант контрагенттерінің әрекеті (әрекеттері) немесе әрекетсіздігі салдарынан Шарттың ережелері бұзылған, Банкке шығын және/немесе Банктің іскерлік беделіне залал келтірілген немесе Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында көзделген жауапкершілікке тартылған жағдайда, Коммерсант Банкке Коммерсанттың қызметі салдарынан туындаған, сомасы Банк ұсынған жазбаша шағымда көрсетілген, ХТЖ тарапынан салынған барлық өндіріп алуларды/айыппұлдарды қоса алғанда, Банкке келтірілген шығындарды толығымен өтеуді жүзеге асырады. Келтірілген залалдардың сомасы Банк пен Коммерсант қол қойған келісу актісімен қайта қаралуы мүмкін. Банк пен Коммерсант әрбір жеке жағдайда Коммерсантқа тиесілі сомалардан ұстап қалу немесе Банк ұсынған шот бойынша төлеу арқылы өтем жүргізу тәртібін белгілейді. Банк талап-шағымды реттегенге дейін Шарт бойынша есеп айырысуларды тоқтата тұруға құқылы.

10.9.8. Жол берілген Фрод үшін Коммерсант эмитенттердің ХТЖ арқылы Банкке қойған талаптарын немесе Коммерсанттағы эмитенттердің карточкаларымен жүргізілген операцияларды фродтық деп тану себептері бойынша Банкке тікелей қойылған талаптарды қоса алғанда, Шартта белгіленген тәртіпте Банкке келтірілген залалды өтейді.

10.9.9. Шартқа қосылу арқылы Коммерсант қолданысы Коммерсантқа және Банк жүргізетін немесе Банк арқылы жүргізілетін оның операцияларына (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, операция түрімен, Коммерсант және оның лауазымды тұлғалары, акционерлері/қатысушылары, бенефициар меншік иелері тұратын және (немесе) тіркелген, еншілес және қауымдастырылған ұйымдары орналасқан елмен, сондай-ақ осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдермен байланысты) қолданылатын, шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (сонымен қатар шығындар мен жоғалған пайданы) қабылдайды. Банк осы тәуекелдер мен олардың салдары үшін (оның ішінде шығындар мен жоғалған пайда үшін) жауапты емес;

10.9.10. Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзуынан туындаған жұмыстағы іркілістерді қоса алғанда, Коммерсанттың кінәсінен Банктің техникалық құралдарды, бағдарламалық жасақтаманы пайдалану мүмкін болмаған, Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздікті бұзуы, Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысын бұзуға және олардың қауіпсіздігін бұзуға бағытталған іс-әрекеттер жасалу салдарынан, оның ішінде Банк жүйелерімен интеграциялау барысында немесе Коммерсанттың басқа араласуы нәтижесінде Банкке залал келтірілген жағдайда, Коммерсанттың әрекеттерінен туындаған, бағдарламалық жасақтаманың құқық иеленушісімен жасалған шартта көзделген бағдарламалық жасақтаманы пайдаланудың шектеулерін бұзғаны үшін Банк жауапқа тартылған жағдайда, Коммерсант Банктің хабарламасын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банктің барлық залалын, шығынын қайтаруға және әрбір факт бойынша 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті;

10.9.11. Коммерсанттың Шарт талаптарын орындамауының, тиісінше орындамауының барлық өзге де фактілері бойынша;

10.9.12. ХТЖ-да Транзакциялар жүргізілген күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ белгілеген басқа мерзімде Эмитент-банктің Карточкалармен жүргізілген Транзакциялар бойынша Chargeback рәсімін бастау құқығы қарастырылады. Коммерсант банкке осындай Chargeback-ті қанағаттандыру бойынша келтірілген шығындарын сөзсіз тәртіпте төлеуге міндеттенеді;

10.9.13. Коммерсант Карточканы ұстаушыға даудан бас тарту туралы өтініш немесе талап қою арқылы өзінің қаржылық жауапкершілігін басқаға ауыстырмауға немесе ауыстыруға тырыспауға міндеттенеді;

10.9.14. Коммерсант Шарттың 3.12-тармағында көрсетілген қосымша сервистерді (опцияларды) пайдалана отырып, оның ішінде телефон/факсимильдік/пошта байланысы арқылы алынған карточканың деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылған Транзакцияларды жүргізу үшін жауапты болады, - осындай Транзакциялар сомасында, сондай-ақ осындай Транзакциялар бойынша Банкке жүйелермен тағайындалған санкциялардың кез келген сомалары

(осындайлар болған кезде). Мұндай Транзакцияларды рұқсат етілмеген деп тануға байланысты барлық ықтимал тәуекелді Коммерсант көтереді;

10.9.15. Коммерсант Банк алдында Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбының сомасынан асатын Коммерсант өтейтін келтірілген шығындардың толық көлемінде жауапты болады.

#### **10.10. Банк жауапты емес:**

10.10.1. Банктің тікелей бақылауы жоқ техникалық құралдардың, Төлем терминалдарының істен шығуы, бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен жабдықтау және деректер тасымалдау жүйелерінің іркілістері үшін;

10.10.2. Тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді өткізуге байланысты Коммерсант пен Карточканы ұстаушы арасында, Төлем терминалын пайдалануға байланысты Коммерсант пен Компания арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер бойынша;

10.10.3. Коммерсанттың Банкке Коммерсанттың банктік деректемелерінің өзгеруі туралы уақытында хабарламауынан туындаған төлемдердегі кідіріс үшін;

10.10.4. Шартта көзделген жағдайларда Коммерсанттың шотына ақша аударылмағаны үшін;

10.10.5. Авторизация жүргізудің оң нәтижесі негізінде бұғатталған ақша сомасын есепке жатқызу мүмкін еместігі карточканың жоғалуына/бұғатталуына/алынуына не Карточка бойынша операциялардың жабылуына/шектелуіне байланысты болған жағдайда, Коммерсанттың Шотына ақшаны есепке алудың мүмкін еместігі үшін;

10.10.6. Транзакцияны жарамсыз: Шартқа сәйкес рұқсат етілмеген, Фрод, өзге де заңсыз деп танудың салдары үшін;

10.10.7. Банк Қазақстан Республикасының күшіне енген нормативтік құқықтық актілеріне байланысты Шарттың өзгергені үшін жауапты болмайды.

### **11. ФОРС-МАЖОР**

11.1. Егер Шарттың 11.2-т. көрсетілген еңсерілмес күш жағдайлары қандай да бір Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына кедергі келтірсе немесе кешіктірсе, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар жалғасатын уақытқа және міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін немесе кешіктіретін дәрежеде тоқтатылады.

11.2. Шарт мақсаттары үшін еңсерілмейтін күш жағдайлары Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген мән-жайды, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей олардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін болып табылмайтын өрт (Тараптардың немқұрайлығы немесе салғырттығы салдарынан орын алғандарды қоспағанда), су тасқыны, жер сілкінісі, соғыс (жария болған немес жарияланбаған), көтеріліс, ереуіл, азаматтық соғыстар немесе жаппай тәртіпсіздік (Банктің, Коммерсанттың орналасқан жерінен тыс туындаған кез келген әскери іс-қимылды; Банкке, Коммерсантқа негізді түрде қолданылмайтын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларда және шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды қоспағанда), Қазақстан Республикасының нормативтік актілерін қабылдау, жұмысқа қабілетсіздік, жүйе жұмысындағы іркілістер мен қателерді білдіреді.

11.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша міндеттемелерін орындауда кедергі туындаған Тарап екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғандығы туралы жазбаша хабарлауы тиіс.

11.4. Егер Тарап Шарттың 11.3-тармағында белгіленгендей хабарлама жасамаса, ол еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады, бұған мұндай Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жолдау мүмкін болмаған жағдайлар қосылмайды.

11.5. Жалпыға мәлім еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдерді немесе хабарламаларды қажет етпейді. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдерді оған қатысы бар Тарап ұсынады. Мұндай жағдайлар және олардың ұзақтығы туралы куәландыратын дәлел – Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе басқа құзыретті орган ұсынған құжаттар.

11.6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған тап болған Тарап екінші Тарапқа еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтағандығы туралы жазбаша хабарлауы тиіс және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастыру керек. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары басталғаннан кейін 1 (бір) айдан астам жалғасатын жағдайда, Тараптардың кез келгені Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте ол туралы Шартты тоқтатудың болжамды күніне кемінде 14 (он төрт) жұмыс күні қалғанда екінші Тарапты жазбаша хабардар етуі тиіс.

### **12. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ**

12.1. Шарт жасалған күнінен бастап күшіне енеді.

12.2. Шарт бір жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы Шарттың қолданысын тоқтату ниеті туралы Шарттың мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарламаса, кезекті кезеңге автоматты түрде ұзартылады. Қаржылық өзара есеп айырысулар және Шарттың оларға қатысты талаптары бөлігінде Шарт Шарт бойынша ақшалай міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады.

12.3. Шарт Тараптардың келісімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың бірінің бастамасы бойынша, екінші Тарапты болжамды бұзу күнінен кемінде 30 (отыз) жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар ету арқылы мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

12.4. Банк келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға құқылы, бұл ретте Шартты тоқтатудың болжамды күнінен 3 (үш) жұмыс күні бұрын Коммерсантқа бұл туралы хабарлауы тиіс:

- 1) Тізбелерде Коммерсант туралы мәліметтердің болуы;
  - 2) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған, ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
  - 3) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса;
  - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мұндай жабуға жол берілмейтін жағдайларды қоспағанда, Коммерсант Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтау мақсатында құжаттар мен ақпарат беруден бас тартқан жағдайда;
  - 5) Коммерсантқа қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы талқылау жүргізіліп жатқанын, Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес айналымда тыйым салынған немесе шектелген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сатумен байланысты екенін айқындайтын мән-жайлар болған кезде, Банктің Транзакциялардың заңдылығына қатысты күмәні болған жағдайда, Банкке сұрау салынған ақпаратты ұсынудан бас тартқан кезде немесе заңға қайшы қызметті іске асыруға немесе залал келтіруге алып келуі мүмкін өзге жағдайлар болған кезде, сондай-ақ Банктің қарауы бойынша өзге негіздер болған кезде;
  - 6) ХТЖ талабы бойынша;
  - 7) Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығы;
  - 8) Карточкаларға қызмет көрсету немесе чектерді ресімдеу қағидаларының бұзылуы;
  - 9) Коммерсант Шарт бойынша кез келген міндеттемелерді бұзған жағдайларда;
  - 10) Коммерсанттың немесе оның қызметкерлерінің Банкпен келіспей орнатылған POS-терминалды, Төлем терминалын желіден ажыратуы (ұсынылатын тауарлар/қызметтер/жұмыстар үшін төлем POS терминал, Төлем терминалы арқылы қабылданған жағдайда);
  - 11) Коммерсантты алаяқтық әрекеттері немесе алаяқтық әрекеттер жасалу кезіндегі әрекетсіздігі үшін айыптау;
  - 12) Шартқа қол қойылған сәттен бастап 3 (үш) ай ішінде Транзакцияның болмауы не Транзакция көлемінің жеткіліксіздігі (Коммерсантты тарту кезінде мәлімделген);
  - 13) Банктік шот шартын бұзу;
  - 14) Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша жүргізіледі.
- 12.5. Шарт бұзылған жағдайда екі Тарап өзара есеп айырысуды 2 (екі) ай ішінде аяқтауы тиіс. Алайда, қандай да бір төлем жүйелері тарапынан ХТЖ-да белгіленген негіздемелер бойынша талап қойылған жағдайда, ХТЖ қағидаларына сәйкес есеп айырысуларды реттеу кезеңі мерзіммен шектелмейді.

### 13. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

- 13.1. Тараптар арасында туындайтын барлық даулар өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында келіссөздер жолымен шешіледі. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген жағдайда, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт жасалған орын бойынша сот тәртібінде реттелуі тиіс.
- 13.2. Шартты орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда, Шартқа сәйкес жасалған Транзакциялар бойынша Банкте және/немесе Коммерсантта сақталатын электрондық нысандағы құжаттарды Тараптар қағаз жеткізгіштегі құжаттарға теңестіреді және олар дәлелдеме бола алады. Тараптар машиналық ақпарат жеткізгіштердегі операциялар туралы деректерді дауларды шешу кезінде дәлелдемелер ретінде тануға келіседі.
- 13.3. Тараптар Шарт шеңберінде Тараптардың қатынастарын құқықтық реттеудің көзі, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Шарт, Қазақстан Республикасының заңнамасы, ХТЖ қағидалары болып табылатынымен келіседі. Шарттың ХТЖ қағидаларының ережелеріне қайшы келетін кез келген талаптары (Шарт жасалған кезде белгілі, сондай-ақ болашақта әзірленген) ХТЖ қағидаларына сәйкестендірілуі тиіс.

### 14. ҚОРЫТЫНДЫ ТАЛАПТАР

14.1. Коммерсант Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы үшін мыналарға келісімін береді:

*Коммерсант жеке тұлға болған жағдайда:*

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысанына сәйкес Коммерсанттың деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін береді және оның мазмұнын оқығандығын, түсінгендігін және қабылдайтындығын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

*Коммерсант заңды тұлға болған жағдайда:*

- Коммерсант туралы ақпаратты/Коммерсанттың деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, егер заң талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес көрсетілген тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса немесе мұндай міндеттер мен құқықтар басқа негіздер бойынша туындаса, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдардан; заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардан, ұлттық басқарушы холдинглерден, ұлттық компаниялардан; кредит бюроларынан; зейнетақы қорынан; мемлекеттік

дерекқорлар операторларынан/иелерінен; курьерлік компаниялардан; ұялы байланыс операторларынан; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау қызметтерін көрсететін тұлғалардан немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында басқа да мәмілелері бар тұлғалардан; шетелдік корреспондент банктерден; АҚШ-тың Салық қызметінен (Internal Revenue Service), FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әр түрлі сервистерді және жоғарыда көрсетілген үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып.

- Коммерсанттың деректерін мемлекеттік дерекқорлар (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми дереккөздер) кредит бюроларына, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынғандарын қоса алғанда, Банкке, кредит бюроларына және басқа ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Коммерсанттың деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша қолданыстағы және келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредит бюросына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындауы мақсатында барлық заңды дереккөзден Коммерсант туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге, оның ішінде мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті сомадан асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында беруге;

- мына жағдайларда және тұлғаларға Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және осы заңнамадағы негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, егер Банк осындай тұлғамен(-лармен) келісім жасаса және бұл келісімнің мәні болып көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдауы табылса;

Коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Коммерсанттың кінәсінен бұзылған немесе Құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерден белгілі болған жағдайда Банк бұл үш жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро):

(а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Коммерсант туралы ақпаратты алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Коммерсант туралы ақпаратты Банкке беруіне;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Коммерсант туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

14.2. Осы арқылы Коммерсант Банкке шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша берген және болашақта беретін дербес деректер субъектілерінің<sup>1</sup> дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажет болған басқа жағдайларда, Коммерсанттың дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша келісімін алдын ала алғандығын куәландырады.

14.3. Коммерсант Банктің талабы бойынша Банкке Коммерсанттың дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинап, одан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

14.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Коммерсантқа жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Коммерсант Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.

14.5. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;
- Коммерсант қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;
- Коммерсант қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне өту талаптарын өзі белгілеуге құқылы;
- дербес деректерді Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарында талап етілетін мерзімнен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

14.6. Банкті немесе Коммерсантты тарату немесе қайта құру кезінде құқықтық мұрагеріне Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер өтеді.

14.7. Шарт бойынша барлық хабарлама қолма қол және/немесе Шартта көрсетілген деректемелер бойынша пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды поштамен жазбаша түрде жолданған жағдайда, таңдап алынған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілгендігін растайтын болса, хабарлама тиісті Тарапқа тиісті түрде жолданған/тиісті Тарап қабылдап алған болып есептеледі, егер басқасы Шартта арнайы белгіленбесе.

14.8. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында алшақтық болған кезде оларды реттеу үшін Шарттың орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

14.9. Шартпен реттелмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

**Банк:**

**«ForteBank» АҚ**

Мекенжайы: Астана қ., Достық к-сі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БЕК – 14

**Коршот:** «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ-де KZ23125KZT1001300204

Телефондары +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575 мобильді телефоннан